

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге балалар мен жасөспірімдер арасында интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін, көшбасшылық біліктіліктерін, отансүйгіштік сезімдерін дамыту, өңірлердегі балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының өкілдері арасында ынтымақтастықты ұйымдастыруға көмек беру мақсатында 2024 жылдың 09 ақпан күні «ҮЗДІК ҰЛАНБАСЫ – 2024» атты аудандық байқауы ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған байланысты, 2024 жылдың 05 ақпан күнінен кешіктірмей abb_elzat@mail.ru электрондық поштасына сұраныс жолдауды тапсырады. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар аудандық байқауға қатыстырылмайды.

Қосымша: 2 парақта (ереже)

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.Базарова

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімінің басшысы
М.Базарова
2024 жыл



«Үздік Ұланбасы – 2024» аудандық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл ереже «Үздік Ұланбасы - 2024» атты аудандық байқауының өткізілу ретін анықтайды.

1.2. «Үздік Ұланбасы – 2024» аудандық байқауын Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастырылуымен өткізіледі.

2. МАҚСАТЫ

2.1. Балалар мен жасөспірімдер арасында интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін, көшбасшылық біліктіліктерін, отансүйгіштік сезімдерін дамыту, өңірлердегі балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының өкілдері арасында ынтымақтастықты ұйымдастыруға көмек беру.

3. МІНДЕТТЕРІ

3.1. жастардың ынталарын қолдау;

3.2. шығармашылық қабілеттерін, жастардың өзара араласуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;

3.3. достық, түсінікті, өзара көмек сезімдерін дамыту;

3.4. шешендік өнер мен әртістік шеберлік қабілеттерін меңгерту;

3.5. төзімділік, бейбітшілік және мейірімділік идеяларымен байқау қатысушыларын еліктіру;

3.6. байқау қатысушыларында бейбітшілікті, жауапкершілікті, қоғамдық жетілуді қалыптастыру.

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Байқауға «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасылары, 14-17 жас аралығындағы белсенді көшбасшылар қатыса алады.

5. БАЙҚАУДЫҢ ӨТІЛУ УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ

Аудандық кезең – 2024 жылдың 09 ақпан күні өткізіледі. (Өткізілетін орны қосымша хабарланады)

Байқауға қатысу туралы сұранысты abb_elzat@mail.ru электрондық поштасына 2024 жылдың 05 ақпанына дейін жіберілуі қажет.

Әр мектептен тек бір ұланбасы қатыстырылады.

6. БАЙҚАУДЫҢ ӨТІЛУ ШАРТЫ

Бағалау кезеңдері:

- «Тұсаукесер-визитка» таныстыру (3мин).
- «Менің жетістігім – Отанымның жетістігі» қатысушылар ұйымда жүзеге асыруға тиіс санайтындай өз идеялары мен жобаларын таныстырады (3-5 мин).
- «Өнерлі жастар» (шығармашылық өнер, ән айту, би билеу, аспапта ойнау, мәнерлеп оқу және т.б)(3-5 мин).
- «Ұланбасының бір күні» бейнеролик (3-5 мин).

Бағалау критерийлері:

- байқаудың міндеті мен мақсатына тақырыптың сәйкес келуі;
- түпнұсқалық идеясы;
- көркемдік орындалуы;
- сюжетті пайдалану жаңалығы;
- жұмыстың айқындылығы.

Қатысушылар эмблема, атрибуттар, киім элементтері, плакаттар және т.б, өздерінің жанкүйерлерімен шақырылады.

7. ӘДІЛ-ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

7.1. Аудандық байқауды өткізу барысында ұйымдастырушылар және жастар қоғамдық ұйымдарының көшбасшыларынан тұратын әділ-қазылар құрамын ұйымдастырушылар құрайды.

8. МАРАПАТТАУ

8.1. Аудандық кезеңнің жеңімпаздары дипломдармен, барлық қатысушылар алғыс хаттармен марапатталады. «Үздік бейнеролик», «Көрермендер көзайымы», «Сөз шебері» номинациялары бойынша мықтылар анықталады.